

мамандығы бойынша «философия докторы» (PhD) дәрежесін алу үшін жазылған Рысбаева Ардак Куанышовнаның «Бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын интеграция негізінде қалыптастыру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына отандық ғылыми кеңесшісінің

## ШІКІРІ

Қазақстан Республикасының қазіргі кезеңдегі демократиялық жаңа белеске ұмтылу жағдайында адамзаттық, ұлттық ізгіліктер мен құндылықтар жүйесін жаңадан ойлап табуды емес, керісінше, қазақстандық құндылықтар жүйесін басқаша етіп құру жолдарын қарастыру қажеттілігі артып отыр. Ал бұл білім беру жүйесіндегі бастауыш мектептің әрбір оқушысының ғылыми тұрғыдан негізделген ізгілік мазмұнындағы білім алуын қамтамасыз етуді, қоғамымыздың ізгі бағытта дамуын талап етеді. Ал жалпыадамзаттық құндылықтар, атап айтқанда достық, шығармашылық, дербестік, ашықтық, төзімділік, мейірімділік, қайырымдылық, сабырлылық т.б. ізгіліктілік мәнге ие бола бастайды.

Бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын интеграция негізінде қалыптастыру мәселесі – ХХІ ғасырдың білім беру саласындағы кең арнада зерттелуін қажет ететін аса маңызды бағыттардың бірі. Өйткені бастауыш сынып оқушыларына жүйелі білім беруде оқытылатын барлық пәндердің негізгі бағыты – оқушының ой-санасында интеграцияланған дүниенің тұтас ғылыми бейнесін құру.

Осы кезге дейінгі пәнаралық байланыс, интеграция туралы жүргізілген зерттеулерде бастауыш сыныптардағы ізгілікті қарым-қатынас мәселесі әлі де шешімін таппай отырғандығы белгілі болды. Әсіресе, мектептің оқу-тәрбие үдерісіндегі интеграцияның ғылыми-теориялық жақтарын негіздеу, бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын қалыптастыруда әрбір жеке пәндер бойынша қабылдауын басқа пәндермен кіріктірудің мазмұндық негіздерін ашу мәселелері арнайы зерттеуді қажет ететіндігі айқындалды. Бастауыш сынып ғылыми білімнің негізі қаланатын және орта мектепте тереңдетіліп әрі қарай дамытылатын алғашқы саты екенін ескерсек, пәндерді кіріктіре оқытуды дәл осы кезеңде жүзеге асырудың қолайлылығы талас тудырмайтыны анық.

Демек, диссертанттың зерттеу тақырыбы өзекті мәселеге арналғанын көрсетеді. Зерттеу тақырыбына байланысты жарияланған зерттеулер мен еңбектер бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын интеграция негізінде қалыптастырудағы психологиялық және педагогикалық негіздерінің бастау көзі болып табылатыны сөзсіз.

Докторанттың зерттеу жұмысы нәтижесінде төмендегідей ғылыми нәтижелерге жеткендігін айтуымызға болады: бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын интеграция негізінде қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздерін анықтаған; психологиялық, педагогикалық және ғылыми-әдістемелік еңбектерге терең ғылыми талдау жасай отырып «ізгілік»,

«ізгілікті қарым-қатынас», «интеграция» ұғымдары мен «бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын интеграция негізінде қалыптастыру» түсінігінің мәні мен құрылымы нақтыланған; бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын интеграция негізінде қалыптастырудың мүмкіндіктері айқындалған; бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын интеграция негізінде қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалып, компоненттері, өлшемдері, көрсеткіштері және оның жоғары, орта, төмен деңгейлері анықталған; бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын интеграция негізінде қалыптастырудың әдістемелік жүйесін құрайтын «Табиғат – Ізгілік әлемінің бастау көзі» атты қосымша білім беру сабақтар жүйесі мен интеграциялық бағдардағы тапсырмалар мен жаттығулар кешені, қосымша білім беру арнайы сабақтар жүйесі жасалып, тәжірибеге енгізуімен іске асырылған. Бұл келтірілген дәйектер зерттеу жұмысының ғылыми дәрежелер беру ережелеріндегі талапқа сай орындалғанын дәлелдейді.

Зерттеу жұмысында үш тарау мен тармақтардың логикалық және мазмұндық бөліктері жүйесінің бір-біріне сабақтастық байланыста қарастырылғаны олардың ішкі бірлігінің, яғни құрылымдық және мазмұндық біртұтастығының сақталғандығын көрсетеді.

Докторант зерттеу жұмысының бірінші бөлімін бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын интеграция негізінде қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық мәселелеріне арнайды. Екінші бөлімінде бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын оқу пәндерінің интеграциясы негізінде қалыптастыру мүмкіндіктеріне тоқталып, ізгілікті қарым-қатынасын интеграция негізінде қалыптастырудың өлшемдері, көрсеткіштері мен деңгейлері анықталып, мазмұндық-құрылымдық моделін дайындаған. Үшінші бөлімі бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын интеграция негізінде қалыптастыру әдістемесіне және оны жүзеге асыруға бағытталған эксперименттік-тәжірибелік жұмыс барысына, эксперименттік-тәжірибелік жұмыстың нәтижесіне арналған.

Зерттеу жұмысында докторанттың қол жеткізген нәтижелері мен тұжырымдарын оқу-тәрбие үдерісінде пайдалану бастауыш сыныптардағы пәндерді кіріктіру нәтижесінде пәндік білімдердің мазмұн сабақтастығы арқылы оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын қалыптастыруға мүмкіндік жасайды.

Докторанттың ғылыми ұстанымы айқын. Бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын интеграция негізінде қалыптастырудың ғылыми-теориялық негізі мен мүмкіндіктері айқындалған, әдістемесі жасалып, тәжірибелік тұрғыдан тексерілген, жоғары нәтижеге қол жеткізген.

Докторант диссертациялық жұмысын толық аяқтаған, алға қойған мақсат-міндеттерін толық орындаған. Зерттеу жұмысын орындау барысында А.К.Рысбаеваның тілдік сауаттылығы, өзіндік ізденісі мен ой түйіндері байқалады. Диссертациялық жұмыста қарастырылған зерттеу мәселесі толық әрі терең негізде қарастырылған, зерттеу нысанына қатысты көптеген ғылыми еңбектерге жан-жақты талдау жасалған.

Рысбаева Ардак Куанышовнаның 6D010200 – «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша «философия докторы» (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын интеграция негізінде қалыптастыру» атты диссертациялық жұмысы дербес орындалған, жаңалығы мол, аяқталған, диссертацияларға қойылатын талаптарға сәйкес жазылған, ғылыми зерттеуге ие жұмыс деп есептеймін.

Жоғарыда айтылғандарды және Рысбаева Ардак Куанышовнаның «Бастауыш сынып оқушыларының ізгілікті қарым-қатынасын интеграция негізінде қалыптастыру» тақырыбына жазылған диссертациялық жұмысы құрылымы, көлемі жағынан талапқа сай жазылған еңбек екенін ескере отырып, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде 6D010200 – «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша құрылған Диссертациялық Кеңесінде қорғауға ұсынамын.

**Отандық ғылыми кеңесші:**  
**Абай атындағы ҚазҰПУ**  
**п.ғ.к., қауымд.профессор**



РАСТАЙМЫН:	Абай атындағы ҚазҰПУ ПЕРСОНАЛДЫ БАСҚАРУ БӨЛІМІНІҢ БАСТЫҒЫ
ЗАВЕРЯЮ:	НАЧАЛЬНИК ОТДЕЛА ПО УПРАВЛЕНИЮ ПЕРСОНАЛОМ КазНПУ имени Абая
ҚОЛЫ ПОДПИСЬ	<b>Г.Т.Сәдуақас</b>